

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 868 Қаулысы.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !

Колданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі республикалық мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде (бұдан әрі – Бюджет кодексі), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда өзге де шоттары болады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 4-кіреberіс.";

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, қаржылық және бюджеттік есептілік, ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау, аудиторлық қызмет, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, оналту және банкроттық саласындағы (банктерді, сактандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы

зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеу, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу, сондай-ақ қаржы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында жинақтау, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлікті жинақтау бойынша саясатты қалыптастыруға қатысу және іске асыру;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік сатып алу, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, аудиторлық қызмет, ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау, қаржылық және бюджеттік есептілік саласында салааралық үйлестіру және әдіснамалық басшылық ету;"

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) мемлекеттік қаржы статистикасын жүргізу;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) мемлекеттік бюджет бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен түсетін ақша түсімдері мен жұмсалуы туралы есептер жасау;"

28) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 33-1), 33-2) және 33-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"33-1) республикалық бюджеттің, облыс бюджетінің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімдерді көрсету тәртібін әзірлеу және бекіту;

33-2) қызмет ерекшелігін ескере отырып, өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде бухгалтерлік есепке алу бойынша жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісу;

33-3) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдарын сертификаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты конкурстық құжаттаманы және концессия шартының жобасын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келісу;"

46) тармақша алып тасталсын;

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстары республикалық бюджет туралы заңда көзделген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесін бекіту;";

55-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-3) тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын ұлгілік тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу және бекіту;";

мынадай мазмұндағы 55-5) тармақшамен толықтырылсын:

"55-5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысанын бекіту;";

58) тармақша алып тасталсын;

61) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу мен бекіту және оны әдіснамалық сүйемелдеу;";

63) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"63) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;";

76) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"76) оналту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы уақытша әкімші мен банкроттықты басқарушы қорытындысының ұлгі нысандарын бекіту;";

мынадай мазмұндағы 78-1), 78-2), 78-3), 78-4), 78-5) және 78-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"78-1) борышкердің (банкроттың) мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу және ұйымдастырушыны айқындау қағидаларын бекіту;

78-2) уақытша әкімшінің, оналту, уақытша және банкроттық басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төменгі және ең жоғарғы шектерін, сондай-ақ осындай сыйақыны төлеу тәртібін бекіту;

78-3) оналту рәсімінде және банкроттық рәсімінде әкімші қызметіне камералдық бақылау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту;

78-4) бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған осы бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидаларын, сондай-ақ

бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған осы бұзушылықтарды жою туралы хабарламалардың, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есептің нысандарын бекіту;

78-5) әкімшінің ағымдағы және сұрау салынған оқалту рәсімінің және банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты беру нысанын, қағидалары мен мерзімдерін бекіту;

78-6) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша кредитордың банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстар өтеу қағидаларын бекіту;";

101) және 102) тармақшалар алып тасталсын;

110) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"110) кәсіби аудиторлық ұйымдарды, кәсіби бухгалтерлер ұйымдарын, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту;";

114) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"114) концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе занды тұлға) концессия шарты бойынша концеденттен алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тіркелген активтерді концедентке беру кезінде концессионер топтарының құндық теңгерімін азайтатын құнын айқындау қағидаларын бекіту;";

114-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"114-4) кеден өкілінің мемлекеттік кірістер органдарына, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, есептілік ұсыну тәртібін бекіту;";

мынадай мазмұндағы 114-34), 114-35), 114-36), 114-37), 114-38) және 114-39) тармақшалармен толықтырылсын:

"114-34) тауарларды сыныптау жөніндегі, тауарды жинақталмаған түрде сыныптау туралы шешімдердің және преференциялық және преференциялық емес режимдердің қолдану кезінде тауар шығарылған елді айқындауға қатысты алдын ала шешімдердің нысандарын бекіту;

114-35) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнама, уәкілетті экономикалық операторлар тізілімі, уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлік нысандарын бекіту;

114-36) 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген өтініштердің нысандарын бекіту;

114-37) зияткерлік меншік обьектілерінің кедендейтік тізлімін жүргізу қағидаларын бекіту;

114-38) белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендейтік декларациялау және кедендейтік тазарту қағидаларын бекіту;

114-39) 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 298-бабына сәйкес кедендейтік декларациялау және кедендейтік декларация берілгенге дейін тауарларды шығару кезінде кедендейтік операцияларды жасау қағидаларын бекіту;";

мынадай мазмұндағы 137), 138), 139), 140), 141), 142), 143), 144), 145) және 146) тармақшалармен толықтырылсын:

"137) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкім аппараттары жасайтын аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін қоспағанда, бюджетке түсімдердің жиынтық жоспарын жасау;

138) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау және оларды ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына дейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің назарына жеткізу;

139) жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің үш жылдық кезеңге арналған лимиттерін келісу;

140) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жасалған концессиялық шарттардың және берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізлімін жүргізу қағидаларын бекіту;

141) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша пайдалану шығындарының өтемақысын төлеу қағидаларын бекіту;

142) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын беру қағидаларын бекіту;

143) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша концессия обьектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы төлеу қағидаларын бекіту;

144) іске асыру жоспарланып отырған республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін келісу;

145) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты жобасының конкурстық құжаттамасын республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде келісу;

146) қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің өндірістік процестеріне енгізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;";

ведомстволардың функцияларында:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) респубикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетең ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен түсетең ақша түсімдері мен жұмсалуы туралы есептер жасау;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) міндеттемелердің уақтылы қабылданбау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеу себептерін анықтау мақсатында тұрақты және жүйелі жинау бөлігінде бюджеттік мониторингті жүзеге асыру;";

17), 18) және 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"17) кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке жатқыза отырып, бюджеттер деңгейлері, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мен Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арасында түсімдер сомасын бөлу;

18) Еуразиялық экономикалық одактың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған шоттарына ақша қаражатын аудару;

19) кедендік баж сомалары бойынша ақпаратты дайындау және Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Еуразиялық экономикалық комиссияға жіберу;";

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) респубикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджеттік ақшаларын орналастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша респубикалық бюджетке сыйақылар (мұдде) көлемін болжамдау;";

мынадай мазмұндағы 38-1) тармақшамен толықтырылсын:

"38-1) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнама, уәкілетті экономикалық операторлар тізілімі, уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлік нысандарын әзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 41-1) тармақшамен толықтырылсын:

"41-1) 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде көзделген өтініштер нысандарын әзірлеу;";
мынадай мазмұндағы 45-1), 45-2) және 45-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"45-1) мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендей тазарту жасау тәртібін әзірлеу;

45-2) белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендей декларациялау мен кедендей тазарту қағидаларын әзірлеу;

45-3) 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 298-бабына сәйкес кедендей декларациялау және кедендей декларация берілгенге дейін тауарларды шығару кезінде кедендей операцияларды жасау қағидаларын әзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 50-1) тармақшамен толықтырылсын:

"50-1) мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендей алымдардың мөлшерлемелерін әзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 54-1) және 54-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"54-1) тауарларды сыныптау жөніндегі, тауарды жинақталмаған түрде сыныптау туралы шешімдердің және преференциялық және преференциялық емес режимдердің қолдану кезінде тауар шығарылған елді айқындауға қатысты алдын ала шешімдердің нысандарын әзірлеу;";

54-2) кеден ісі саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында, веб-порталында жариялауды қамтамасыз ете отырып, тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау бойынша түсіндірuler беру;";

69) тармақша алып тасталсын;

121) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"121) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында және кәсіби ұйымдар мен сертификаттау жөніндегі ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

130-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"130-2) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалар мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша тиімділігін бағалау, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептік деректерін қайта тексеру;";

мынадай мазмұндағы 151-1), 151-2), 151-3), 151-4), 151-5), 151-6), 151-7), 151-8), 151-9), 151-10), 151-11) және 151-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"151-1) борышкердің (банкроттың) мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу және оны ұйымдастырушыны айқындау қағидаларын әзірлеу;

151-2) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғарғы шектерін, сондай-ақ осындай сыйақыны төлеу қағидаларын әзірлеу;

151-3) оңалту рәсімі мен банкроттық рәсіміндегі әкімшінің қызметіне камералдық бақылау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу;

151-4) бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған осы бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидаларын, сондай-ақ бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған осы бұзушылықтарды жою туралы хабарламалардың, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есептің нысандарын әзірлеу;

151-5) әкімшінің ағымдағы және сұрау салынған оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты беру нысанын, қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу;

151-6) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитордың банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды өтеу қағидаларын әзірлеу;

151-7) өздеріне қатысты оларды банкрот деп тану туралы сот шешімдері заңды күшіне енген банкроттардың тізімін интернет-ресурста жариялау;

151-8) оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысанын әзірлеу;

151-9) әкімшілерді есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету, сондай-ақ әкімшінің біліктілігін арттыру тәртібін әзірлеу;

151-10) оңалту жоспарының тиімділігі (тиімсіздігі) туралы уақытша әкімші мен банкроттықты басқарушы қорытындысының үлгілік нысандарын әзірлеу;

151-11) борышкердің қаржылық жағдайы туралы уақытша басқарушы қорытындысының үлгілік нысандарын әзірлеу;

151-12) біліктілік емтиханын өткізу тәртібін әзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 174-1) тармақшамен толықтырылсын:

"174-1) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығару немесе өзге тәсілмен иелік ету, дебиторлық берешекті беру және есептен шығаруды келісу;";

205) және 207) тармақшалар алып тасталсын;

235-2) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты тұрде тіркелген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурсстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) және (немесе) конкурсстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) техникалық ерекшелігін алған тұлғалар тарапынан сұрау салулар мен ескертулерді жіберу;";

229-5) және 229-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"229-5) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабы 1-тармағының 7) (адвокаттарды қоспағанда), 13) – 16) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингі субъектілерін есепке алуды жүзеге асыру;

229-6) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабы 1-тармағының 7) (адвокаттарды қоспағанда), 13) – 16) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингі субъектілерінен хабарламалар қабылдауды жүзеге асыру;";

мынадай мазмұндағы 234-1), 234-2) және 234-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"234-1) қылмыстық кірістерді зандастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларын, схемаларын және тәсілдерін бекіту және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізу;

234-2) жеке және занды тұлғалардың қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға негіздер болған кезде олардың құзыретіне сәйкес құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға ақпарат жіберу;" ;

234-3) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдармен берілген ақпарат бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру;".

2. Осы қауалы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіletіn 1-тармақтың он тоғызыншы абзацын және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіletіn 1-тармақтың жиырма бірінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

